



201__ жылғы _____
года _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__

№ _____

№ _____

№ исх: 20-11/618 от: 18.03.2017

Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2017 жылғы 22 ақпандағы № ДС-47

Құрметті депутаттар!

Сіздердің депутаттық сауалдарыңызға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Денсаулық сақтау министрлігінің «В» гепатитіне қарсы, полиомиелитті ауызға қолданылатын және пневмококк вакциналарын 2017 жылға сатып алу бойынша толық есебін жолдайды.

Қосымша: парақ.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасының Ұлттық профилактикалық екпелердің күнтізбесі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарына және көптеген дамыған елдердің иммундау кестелеріне сәйкес келеді.

Балаларды иммундау үшін кепілдік берілген сападағы, өндірісін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (бұдан әрі – ДДҰ) сертификаттаған вакциналар сатып алынады. Вакциналар Бельгиядан, Ресейден, АҚШ-тан, Франциядан, Үндістаннан, Израильден сатып алынады. Жыл сайын вакциналарды сатып алуға 19-дан 30 млрд.теңгеге дейін бөлінеді (*2015 жылы – шамамен 19 млрд.теңге, 2016 жылы – 24 млрд.теңге, 2017 жылы – 30 млрд.теңге*).

«В» гепатитіне қарсы вакцина сатып алу бойынша

«В» гепатитіне қарсы вакцинациялауға жататын нысаналы топтың 59 760 адам үшін 2017 жылы жалпы қажеттілік вакцинаның 591 460 дозасы құрады, оған қолда бар қалдықты ескере отырып, 2018 жылғы 1-тоқсанға болжанған қор енгізілді.

Республикалық бюджет 2017 жылға 87 666,0 мың теңге сомасында 591 460 вакцина дозасын қолдады.

Сонымен қатар, «В» гепатитіне қарсы вакциналарды 2016 жылы сатып алу бағалық ұсынымдардың салдары бойынша әлеуетті өнім берушілердің ұсыныстарының болмауына байланысты өткен жоқ.

Көрсетілгенге байланысты, Денсаулық сақтау министрліктің дәрілік формулярлық комиссиясы «В» гепатитіне қарсы вакциналардың шекті бағасын түзету туралы 2017 жылғы 27 қаңтардағы шешім қабылдады. Нормативтік құқықтық актілерді ҚР Әділет министрлігінде тіркеу рәсімін жүзеге асыру сатып алу рәсімінің өзін жүзеге асыру қажеттілігін және өнім берушілерден ұсыныстардың болмауы қаупінің болуын ескере отырып, вакциналарды сатып алу мерзімі 2017 жылғы 1 шілдеге болжанып отыр.

Бұл ретте, 2017 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша вакциналауға жататын адамдардың нысаналы тобы үшін шілде айына дейінгі уақытты қоса алғанда, нысаналы топты вакцинациялауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді 347164 доза көлемінде вакциналардың қалдық қоры бар.

Полиомиелитті ауызға қолданылатын вакцинаны сатып алу бойынша

Полиомиелитке қарсы вакциналауға жататын 12-15 ай жасындағы нысаналы топтың 394 200 бала үшін 2017 жылы жалпы қажеттілік вакциналардың 558 500 дозасын құрады, оған қолда бар қалдықты ескере отырып, 2018 жылғы 1-тоқсанға болжамды қор енгізілді.

Республикалық бюджет 2017 жылға 31 093,0 мың теңге сомасында 558 500 вакцина дозасын қолдады.

Әлеуетті өнім берушінің жарамдылық мерзімі бойынша талаптарына сәйкес келмеуі салдарынан (*жарамдылық мерзімі кемінде 14 айды*

құрайды)полиомиелитті ауызға қолданылатын вакцина 2016 жылы сатып алынған жоқ. 2017 жылғы 10 наурыздағы жағдай бойынша Ресей өндірісінің полиомиелитті ауызға қолданылатын вакцинаны бір рет әкелінуін тіркеу рәсімі жүргізіледі, жеткізу 2017 жылғы 1 мамырға жоспарланып отыр.

Пневмококк вакцинаны сатып алу бойынша

2012 жылдан бастап жұмыс істейтін Денсаулық сақтау министрлігінің Ұлттық иммундау жөніндегі консультациялық комитеті (бұдан әрі – ҰИКК) иммундау саясатын айқындайды, иммундау бағдарламаларының тиімділігіне талдауды, инфекциялық ауруларды вакцинациялаудың жаңа технологияларын шолуды, иммундаудың көпшілік қосымша наукандарын жүргізу жөніндегі ұсынымдарды, Ұлттық профилактикалық екпелердің күнтізбесіне жаңа вакциналарды қосу негіздемесін және басқаларды әзірлеуді жүзеге асырады. ҰИКК құрамына мүдделі салалардың ғалымдары, қаржыгерлер, Денсаулықсақтау министрлігінің және республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының мамандары кіреді.

ДДҰ вакциналарды таңдау бойынша шешімді ҰИКК ұсынымдарының негізінде шешім қабылдауды ұсынды, ол сырқаттанушылыққа талдау жүргізеді, экономикалық тиімділікті және халықаралық тәжірибені зерделейді.

Қазақстан Республикасының иммундау бағдарламасы үшін пневмококк вакциналарын таңдау мәселесі ҰИКК қарауына шығарылды (*2015 жылғы 21 қазан және 2016 жылғы 1 шілде*), онда 5 жасқа дейінгі балаларды пневмококк инфекциясына қарсы жоспарлы вакциналау үшін тиісті контингенттің кемінде 95%-ын қамти отырып, пневмококк инфекциясына қарсы 13 валенттік конъюгирленген вакцинаны (бұдан әрі – Превенар 13) пайдалану ұсынылды.

Осылайша, профилактикалық екпелердің күнтізбесінде Превенар 13 пневмококктық вакцинасын қолдану өзгеріссіз қалды.

Пневмококк вакцинасына қарсы вакцинация 2 жасқа дейінгі менингиттері, отитеттері, пневмониясы бар балалардың арасында сырқаттанушылықты алдын алуға мүмкіндік береді. Жыл сайын орташа алғанда жоғарыда көрсетілген аурулармен 65 мың бала тіркеледі, ол 0-2 жас аралығындағы балалардың жалпы санынан (*1 172 083*)5,5 %-ды құрайды.

Денсаулық сақтау министрлік облыстардың, Астана, Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармаларынан ұсынылған өтінімдерге сәйкес 2017 жылға пневмококктың 13 серотипінен тұратын Превенар 13 вакцинасына қажеттілікті қалыптастырды.

Вакциналауға жататын нысаналы топтың 802 420 адамы үшін 2017 жылы жалпы қажеттілік вакциналардың 957 318 дозасын құрады, оған 2018 жылғы 1-тоқсанға болжамды қоры қолда бар қалдықты ескере отырып енгізілді.

2017 жылға арналған республикалық бюджетпен 5 837 485,0 мың теңге сомасында вакциналардың 633 082 дозасы қолдау тапты. Вакциналарды сатып алу үшін өтінім қалыптастырылды (*2016 жылғы 22 желтоқсандағы шығыс № 05-1-28/8308-И хатпен*) «СҚ-Фармация» ЖШС-на жіберілді.

Пневмококк вакцинасының 957 318 дозасына болжанған өтінімнің

қажеттілігін негіздеу.

Өтінімді қалыптастыру:

1) вакцинацияға болжанған балалар санын - 2 жасқа дейінгі балалар, медициналық қарсы көрсетілімдерге байланысты вакцинация мерзімі ұзартылған, жаңадан қайта келген балаларды (оралмандарды) балалар (2015 жылы 398 791 бала, 2016 жылы 394 444 бала туылды);

2) жүргізілетін вакцинациялардың қысқалығын (вакцинация 2, 4 және 12-15 ай жүргізіледі), яғни 2 жасқа дейін 3 рет;

3) өңірдегі 2018 жылғы 1-тоқсанға вакциналардың қорын («Халыққа профилактикалық екпелер жүргізу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды» келесі жылғы 1-тоқсанға вакциналар қорын» жоспарлау бөлігінде бекіту туралы») ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 190 бұйрығына сәйкес) ескере отырып жүзеге асырылады.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 66-бабына сәйкес республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет шығыстарын жоспарлауды ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде ұсынады, яғни бюджет жоспарланған жылға алдын ала қалыптастырылады және туылғандар санының болжамды деректеріне және ағымдағы жылдың соңында болжамды қалдыққа негізделеді, осыған байланысты вакциналар көлемін түзету келесі қаржылық жылға бюджетті қалыптастыру кезінде жүргізіледі.

2017 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республикада пневмококк вакцинасының қалдығы 483 975 дозаны құрайды, бұл ретте, 2017 жылғы қаңтарда 90 517 баланы вакцинациялауға 100 000 доза жұмсалды. Осылайша, вакциналардың 483 975 доза көлеміндегі қоры 2017 жылғы маусымның аяғында аяқталды деп болжауға болады.

Өтінілген 957 318 дозадан қолдау тапқан 633 082 дозадағы өтінімді ескере отырып, вакцинаға тапшылық 2 986 695,2 мың теңге сомасында 324 236 дозаны құрайды.

Республикалық бюджеттік комиссияның нақтылауына шығаруға жоспарланған вакциналардың 324 236 дозасына өтінім шешім оң болған кезде, 2018 жылғы 1-тоқсанда балаларды үздіксіз вакцинациямен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, бөлінген қаражаттардың шеңберінде вакциналарды сатып алу үшін оның құнын әлеуетті өнім берушілермен (Пфайзер компаниясы), Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қорымен (ЮНИСЕФ) реттеу бойынша шаралар қабылдануда, келісілген позицияны пысықтау бойынша жұмыс жүргізілуде. Бөлінген қаражаттардың шеңберінде вакциналарды жеткізу 2017 жылғы 31 шілдеге дейін жоспарланды.